ҚОҒАМ



ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

2-бетте

ДІН

ТІЛ ҒЫЛЫМЫН ТЕРЕҢ ЗЕРТТЕУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ – ҚИССА МЕН ЖАЗБА АЙТЫС

3-бетте

АҚПАРАТ

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ТАТУЛАСУ МӘДЕНИЕТІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №86 (1945) 26 шілде 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ



ӨҢІРЛІК КООПЕРАЦИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ ПІКІР АЛМАСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентін туған күнімен құттықтап, оның бауырлас өзбек халқының игілігі жолында атқарып жатқан жауапты мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі. Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевтің беделді көшбасшылығының арқасында Өзбекстан дамудың даңғыл жолына түсіп, әлеуметтік-экономикалық салада елеулі жетістікке жеткенін атап өтті.

Әңгімелесу барысында екі ел арасында сенімге, тату көршілік байланыстарға әрі өзара қолдауға негізделген стратегиялық және одақтастық қатынастар қалыптасқанына назар аударылды. Сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық пен ғылым-білім саласындағы серіктестік нығайып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүкіл Орта Азияның орнықты дамуы көбіне екі мемлекеттің өзара ықпалдастығына тікелей байланысты. Осыған орай тараптар өнеркәсіп, энергетика, көлік, логистика және ауылшаруашылығы бағыттарындағы бірлескен жобаларды ілгерілету үшін нақты шаралар қабылдап жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өңірлік кооперацияның өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасып, екіжақты форматта және халықаралық іс-шаралар аясында жоспарланған жоғары деңгейдегі кездесулер кестесін қарастырды.

AKORDA.KZ.

ЦИФРЛАНДЫРУ

«ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ» МОДУЛІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

«Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебінде оқыту бойынша» мемлекеттік қызметтің бизнес-процесінің реинжинирингі жүзеге асырылды. Қорғаныс министрінің цифрландыру жөніндегі орынбасары Дархан Ахмедиевтің айтуынша, ол енді электрондық кезек құру арқылы жүзеге асады. Бұл әскери комиссариаттарда лауазымды адамдардың оқу топтарын өз қалауымен толықтыруын болдырмайды. Осылайша, оқуға жіберу туралы шешім қабылдау ашық түрде іске асады да, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді.

Сонымен қатар, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан босатылған азаматтарды мемлекеттік қызмет көрсету арқылы әскери есепке қою қажеттілігінен босату үшін 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ведомствоаралық өзара іс-әрекет» модулін тәжірибеде қолдану басталды.

«Осы модульді қолдану аталған мемлекеттік органдарға қызметке қабылданған азаматтарды әскери есептен шығаруға, запасқа шығарылғандарды – әскери комиссариаттарға тиісті қағаз хабарламалар жібермей-ақ және азаматтардың өздері бармай-ақ есепке қоюға мүмкіндік береді. Биыл 600 мыңнан астам қызмет көрсетілді, оның ішінде, 564 мыңнан астамы проактивті форматта», – дейді Дархан Мейрамұлы.

Сонымен қатар, Министрлік цифрландыруды жетілдіру мақсатында «ARMIA.KZ» сервисін іске қосқан болатын. Іздеу жүйелерінде бұл сервис 75 мыңнан астам рет қаралып, 9 мың қолданушы тіркелген. Кіріктірілген жасанды интеллект қазірдің өзінде 2 мыңнан астам сұранысты өңдеді. Қазіргі уақытта «ARMIA.KZ» әр түрлі платформаларда қолжетімді әскери қызмет туралы ақпараттың әмбебап көзі болып табылады.

Қорғаныс министрлігі мемлекеттік органдар арасында алғашқылардың бірі болып «ARMIA.KZ» ассистенті – Ұлттық жасанды интеллект платформасы негізінде Жасанды интеллект құрғанын атап өтуге болады. Ол әскери қызметке шақыру сапасын арттыруға, әскери объектілердің қорғаныс қабілетін жақсартуға, жауынгерлік даярлық процесін оңтайландыруға бағытталған.

Қазіргі таңда Жасанды интеллекті қолдана отырып, бейне деректерді автоматты талдау жүйесін енгізу жүзеге асырылуда. Мысалы, алдын ала сынақтар жүргізіліп жатқан «Бес қару» жобасы барлық деңгейдегі жауынгерлік дайындық туралы сенімді ақпарат алуға мүмкіндік беретін жауынгерлік дайындықты жоспарлау, есепке алу және талдау процестерін автоматтандыру платформасы.

«Smart әскери комиссариат» әскерге шақыру жасындағы азаматтарды медициналық куәландыруға келу қажеттігі туралы хабарландыру үшін іріктеуді жүзеге асырады. Жасанды интеллект белгілі бір критерийлер мен бұрын шақырылған әскери қызметшілердің мәліметтер базасы негізінде жедел әскери қызметке шақырылуы тиіс азаматтарды ғана хабардар етеді деп күтілуде.

Ал, Қорғаныс министрлігінің қызметкерлері үшін құрылған чат-бот қызметкерлерге ішкі ережелер мен стандарттарды сақтай отырып, көптеген құжаттаманы бағдарлауға көмектеседі. Сондай-ақ отандық технологияларды қолдап, дамыту мақсатында «Defense Tech» кеңсесі іске қосылып, жұмыс істей бастады.

ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

АГРОӨНЕРКӘСІП

МЕРКІДЕГІ ДАМУ: ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ НАҚТЫ ҚАДАМДАР

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Меркі ауданына жұмыс сапарымен барып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен инвестициялық жобалардың жүзеге асу барысымен танысты. Әкім бірқатар шаруа қожалықтарын, өндірістік және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, жергілікті кәсіпкерлермен, мамандармен тілдесті.

Аудан экономикасының негізгі тірегі – ауылшаруашылығы. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында бұл саладағы жалпы өнім көлемі 7,2 миллиард теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9 пайызға артқан. Жалпы егіс алқабы 103,5 мың гектарға дейін ұлғайып, оның 7,53 мың гектарына су үнемдеу технологиялары енгізілген. Агроөнеркәсіптік кешенге 1,94 миллиард теңге инвестиция тартылып отыр. Аудан шаруашылықтарының иелігінде 1171 дана ауылшаруашылығы техникасы бар, жыл соңына дейін бұл техникалардың кемінде 5,5 пайызы жаңартылады деп жоспарланған.

Облыс басшысы сапар аясында облыстағы жалғыз элиталық тұқым шаруашылығы мәртебесіне ие «Сыпатай батыр» шаруа қожалығында болды. Қожалық 2016 жылдан бері элиталық және репродукциялық тұқымдармен айналысып келеді. Мұнда биыл 246 гектарға «Арна» сұрпының жаздық арпасы, 643 гектарға «Стекловидный-24» күздік бидайы себілген. Кәсіпорында 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ербол Қарашөкеев бұл сынды шаруашылықтардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және өнімділікті арттыруда маңызды рөл атқаратынын айтып, жауапты сала мамандарына мұндай кәсіпорындарға тиісті қолдау көрсетуді тапсырды.

Сапар барысында облыс әкімі Сұрат ауылдық округіндегі «Қайсар» шаруа қожалығының сүт-тауарлы фермасының құрылысымен де танысты. Жобаның құны – 2,5 миллиард теңге, өндірістік қуаттылығы – тәулігіне 12000 литр сүт. Құрылысы аяқталған соң 30 тұрақты жұмыс орны ашылады. Қазір құрылыс жұмыстарына 70 адам тартылған. Ферма осы жылдың күзіне дейін пайдалануға берілмек.

«Береке Дас» шаруа қожалығы да аймақ дамуына елеулі үлес қосып отыр. Бұл қожалық 35 гектар аумақта элиталық алма көшеттерін өсіруге маманданған. Өткен жылы мұнда 300 тоннадан астам алма өнім алынған. Бұл – өңірде бақ шаруашылығын дамыту әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Облыс әкімі Ақтоған және Жамбыл ауылдық округтеріндегі «Royal Petrol» брендімен салынып жатқан автожанармай құю бекеттерінің құрылыс алаңында да болды. Құны 1,7 миллиард теңгені құрайтын бұл жобалар аясында заманауи жол бойындағы сервис, қонақ үй және қоғамдық тамақтану орындары қарастырылған. Құрылыстың аяқталу мерзімі – 2025 жылдың соңы.

Сондай-ақ әкім Меркідегі туризмді дамыту мақсатында салынып жатқан демалыс аймағына барды. Жеке инвестор қаржысына салынып жатқан бұл жобаның құны – 800 миллион теңге. Мұнда форель шаруашылығы мен глэмпинг аймағы ашылады. Құрылыстан кейін 7 тұрақты жұмыс орны құрылмақ. Ербол Қарашөкеев ауылдық жерлерде туризмді дамытудың маңызын атап өтіп, жол инфрақұрылымын жақсарту қажеттігін айтты.

Мұнымен қатар, аймақ басшысы қуаттылығы 18 МВт болатын су электр стансасының құрылыс барысын бақылап көрді. Құны 14,8 миллиард теңге болатын жобаны «Тараз Гринпауэр Дженко» ЖШС жүзеге асырып жатыр. Ербол Қарашөкеев құрылыс сапасына және белгіленген мерзімге сай аяқтауға ерекше назар аударылуы керек екенін атап өтті.

Жұмыс сапарының қорытындысында облыс әкімі ауылшаруашылығын одан әрі қолдау, инвестиция тарту қарқынын күшейту, инфрақұрылымдық жобаларды уақытылы аяқтау, жаңа жұмыс орындарын ашу сынды маңызды бағыттарға басымдық берілетінін мәлімдеді. Меркідегі бұл бастамалар мен нақты істер өңір дамуының жарқын болашағына негіз болмақ.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

БРИФИНГ

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ КҮШ ҚОЛДАНҒАНДАР ЕНДІ ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Қазақстанда медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізілмек. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, медицина қызметкерлеріне шабуыл жасағандарға қатысты жазаны күшейту көзделіп отыр. Қазіргі уақытта Қылмыстық кодекске жаңа 158-1-бапты енгізу қарастырылуда. Бұл бап аясында дәрігерлерге күш қолданған адамдарға 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылмақ. Егер мұндай әрекет төтенше жағдай кезінде жасалса, кінәлі тұлға 10 жылға дейін, ал бірнеше медицина қызметкеріне шабуыл жасаған жағдайда 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Заң жобасы Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігінен алдын ала оң қорытынды алған. Күзде Парламентте қаралуы жоспарланып отырған бұл бастама соңғы жылдары дәрігерлерге қарсы жасалған әрекеттердің көбейіп кетуіне байланысты қолға алынып отыр.

Сонымен қатар, министр емханалар қызметін жетілдіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, медициналық көмекке қолжетімділікті арттыру үшін ем алушылардың дәрігер қабылдауына өздігінен жазылу жүйесі жолға қойылған. Былтыр бұл көрсеткіш небәрі 4 пайыз болса, бүгінде 70 пайыздан асып отыр. Диспансерлік есептегі науқастар алдымен медбике бақылауынан өтіп, барлық қажетті анализдерін тапсырып барып дәрігерге жолданады. Бұл тәсіл дәрігерлердің жүктемесін азайтып, қабылдау процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауруханаға жатқызу алдындағы талдаулардың саны азайтылып, олардың жарамдылық мерзімі халықаралық стандарттарға сай ұзартылған.

Министрлік өңірлерде осы өзгерістердің нақты іске асуын қамтамасыз ету үшін арнайы мониторингтік топтар құрған. Биыл 20 аймаққа аттанған бұл топтар тексеру жүргізіп қана қоймай, жергілікті емдеу мекемелеріне әдістемелік көмек те көрсетеді. Министрдің айтуынша, бұл қадамдар медициналық қызмет сапасын жүйелі түрде жақсартуға, халықтың денсаулығын қорғауға және дәрігерлердің кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

«ST» АҚПАРАТ.

ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті. Онда жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында тараптар стратегиялық әріптестік пен одақтастыққа негізделген Қазақстан мен Ресей арасындағы сенім мен сындарлы диалогтың жоғары деңгейін атап өтті. 2024 жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда көлемі 27,8 миллиард долларға жетті, 2025 жылғы қаңтар-мамырда $9,6 миллиард долларды құрады.

«Мемлекеттер басшыларының тапсырмасы бойынша біз өзара сауда көлемін 30 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша мақсатты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Инвестициялық ынтымақтастықта зор мүмкіндіктер бар. Жалпы, екіжақты өзара іс-қимыл мәселелерінің кең ауқымын шешуде ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның тиімді қызметін атап өткім келеді», – деді Олжас Бектенов.

Екі мемлекет арасындағы әріптестікті тереңдету аясында осы жылдың күзінде Орал қаласында өтетін Қазақстан мен Ресейдің XXI Өңіраралық ынтымақтастық форумының дайындық барысына ерекше назар аударылды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар барлық басым бағыттар бойынша екі ел арасындағы өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге дайын екендіктерін жеткізді.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ТУРИЗМ

ТУРИСТІК НЫСАНДАРҒА АПАРАТЫН ЖОЛДАРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ АРТТЫРЫЛУДА

Қарағанды облысының туристік бағыттарында көлік инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру мақсатында «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы кешенді іс-шараларды жүзеге асыруда. Бұл ретте басты назар республикалық маңызы бар автожолдарды жөндеуге және ұлттық стандарттарға сай, сапалы әрі жайлы жол бойы инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Облыс аумағындағы республикалық маңызы бар автожолдардың жалпы ұзындығы – 1843,5 шақырым. Биыл 10 учаскеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде, олардың жалпы ұзындығы 291 шақырымды құрайды. Жөндеу жұмыстары туристер жиі таңдайтын Қарқаралы, Балқаш көлі және Баянауыл бағыттарында жүргізілуде.

«ҚазАвтоЖол» мамандарының айтуынша, Қарқаралы курорттық аймағына дейін республикалық маңызы бар «KAZ15» «Қарағанды – Аягөз – Тарбағатай – Боғаз» автожолы алып барады. Қарағанды мен Қарқаралы арасындағы арақашықтық – 200 шақырым. Биыл осы жолдың 17-102 шақырым аралығындағы бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жалпы ұзындығы – 85 шақырым. Қалған 115 шақырым жол 2021-2024 жылдар аралығында жаңартылған болатын.

Бұл бағытта 10 жол бойы сервистік нысан (6 кафе, 4 жанармай құю стансасы), 3 демалыс алаңы, 3 дәретхана және 1 санитарлық-гигиеналық торап жұмыс істеп тұр. Биыл тағы бір санитарлық-гигиеналық торап пен сауда алаңын орнату жоспарланған. Сонымен қатар, электрмен жабдықтау, жарықтандыру және септик жүйесін орнату қарастырылған. Барлық нысандар ұлттық стандарттарға сай келеді және дәретханалармен жабдықталған.

Балқаш көлі мен Балқаш және Приозерск қалаларына дейін KAZ01 «Астана-Қарағанды (айналма жол)-Алматы» автожолы арқылы жетуге болады. Қарағанды-Балқаш-Сарышаған бағыты бойынша бүгінде 68 жол бойы сервистік нысан (28 кафе, 22 ЖҚС, 16 қонақ үй мен кемпинг, 2 техникалық қызмет көрсету стансасы), 3 демалыс алаңы және 4 санитарлық-гигиеналық торап қызмет көрсетуде. Биыл бұл бағытта қосымша 2 сервистік нысан, 21 жаңа демалыс алаңы және 6 санитарлық-гигиеналық торап салу жоспарланып отыр. Нысандар «Қарағанды – Балқаш – Бурылбайтал» автожолын қайта жаңарту жобасы аясында жүзеге асырылуда. Жоба автокөлікпен саяхаттайтын азаматтардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға бағытталған.

«Павлодар облысындағы Баянауыл курорттық аймағына жету үшін республикалық маңызы бар «KAZ20» «Қалқаман – Баянауыл – Үміткер – Ботақара» автожолы пайдаланылады. Бұл жолдың Қарағанды облысы аумағындағы 231-324 шақырым аралығында 2022-2023 жылдары орташа жөндеу жүргізілді. Қалған 34,6 шақырым бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр, кейіннен жөндеу жұмыстары жалғасатын болады», делінген ведомство хабарламасында.

Аталған жол бойында 1 сервистік нысан, 2 демалыс алаңы және 261 шақырымда санитарлық-гигиеналық торабы бар этноаялдама орналасқан. Барлық нысандар дәретханаларымен жабдықталған және санитарлық-техникалық қауіпсіздік талаптарына толық сай келеді.

Бүгінгі таңда туристік нысандарға апаратын жолдардың қолжетімділігін арттыру бойынша жұмыстар Қазақстанның сегіз өңірінде жүргізілуде. Биыл республикалық маңызы бар 544,7 шақырым автожолды жөндеу жоспарланып отыр. Бұл ретте Қарағанды облысы жобалардың ауқымы мен көлемі бойынша көш бастап тұр. Жолдарды жөндеу және инфрақұрылымды дамыту – өңірдің туристік тартымдылығын арттыру стратегиясының маңызды бөлігі. Өйткені, ыңғайлы жолдар, заманауи демалыс аймақтары мен сапалы сервис тұрғындар мен қонақтарға жайлы әрі қауіпсіз саяхаттауға мүмкіндік береді.

А. РАХЫМҚҰЛОВА.
Қарағанды облысы.

ӘРІПТЕСТІК

ТҮРІК КОМПАНИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНТ ЗАУЫТЫН САЛУҒА НИЕТТІ

Түркиядағы аса ірі өнеркәсіптік холдингтердің бірі саналатын «Safi Holding» компаниясы елімізде жоғары технологиялық қант зауытын салу жобасын жүзеге асыруға мүдделі. Бұл туралы Ауылшаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың «Safi Holding» компаниясының бас атқарушы директоры Сафи Атаканмен кездесуінде белгілі болы, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Сафи Атаканның айтуынша, болашақ зауыттың қызылша өңдеу қуаты – 1 миллион тоннаны, жобаның болжамды инвестиция көлемі 150–200 миллион АҚШ долларын құрайды.

Қазіргі уақытта инвесторлар зауытты орналастыру үшін қолайлы өңірлерді қарастыруда. Бұл орайда олар бірінші кезекте зауыт салынатын өңірде қант қызылшасын өсіруге жарамды егістік жер көлемінің жеткілікті болуы мен инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуіне назар аударып отыр.

Айдарбек Сапаров министрліктің жобаны іске асыруға толық қолдау көрсетуге, соның ішінде қолданыстағы заңнама аясында мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға дайын екенін жеткізді. Ал, түрік компаниясының басшысы Қазақстанның қант саласын дамытуға қолайлы табиғатқа және агроөнеркәсіптік әлеуетке ие екенін атап көрсетіп, министрлік тарапынан жобаға көрсетілген қызығушылық үшін ризашылығын білдірді.

Қ. САБЫРҰЛЫ.
Астана қаласы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ХАЛЫҚТЫҢ 75 ПАЙЫЗЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІН АЛУДА

Қазақстан халқының саны 2024 жылдың басында 20,3 миллионнан асты. Бұл көрсеткіш соңғы жылдары тұрақты өсіммен ерекшеленіп отыр. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының директоры Айгүл Қасымова Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Оның айтуынша, тіркелген халық санының артуы тек ірі қалаларда ғана емес, ауылдық елді мекендерде де байқалады. Бүгінде елімізде жұмыс істейтін 677 МСАК нысанының 62 пайызы қалада, ал 38 пайызы ауылдық жерлерде орналасқан. Бұл медициналық қызметтердің өңірлерде де қолжетімді болуына жағдай жасалып жатқанын көрсетеді.

Айгүл Қасымованың сөзінше, еліміздегі тіркелген халықтың 75 пайызы, яғни, 15 миллионға жуық адам мемлекеттік емханалар мен медициналық орталықтарда қызмет алады. Ал, 25 пайызы немесе шамамен 5 миллион адам жекеменшік медициналық мекемелерге жүгінеді.

Сондай-ақ салада кадрмен қамтамасыз ету бойынша оң динамика байқалып отыр. Жалпы практика дәрігерлерінің қамтылуы 87 пайызға жетсе, орта медициналық персоналмен қамтамасыз ету деңгейі – 81 пайыз. Терапевттер мен педиатрлар бойынша бұл көрсеткіш 84-85 пайыз шамасында. Бұл деректер медициналық кадрлар тапшылығын жою бағытында нақты жұмыстар жүргізіліп жатқанын аңғартады.

Айгүл Қасымова елімізде алғашқы медициналық көмектің сапасын арттыру мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі екенін атап өтті. Медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға тікелей әсер ететіні сөзсіз.

«ST» АҚПАРАТ.

ҚАРЖЫ

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ БИЫЛ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен цифрлық теңге арқылы ақшаны таңбалау және бақылауға қатысты пилоттық жобалардың іске асырылу барысы талқыланған жиын өтті. Кеңес жұмысына Үкімет мүшелері мен салалық министрлер, сонымен қатар бейнебайланыс арқылы Ішкі істер министрі және басқа да жауапты мекеме өкілдері қатысты.



Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, қазіргі таңда цифрлық теңге платформасы тәжірибелік-өнеркәсіптік режимде жұмыс істеп жатыр. Биыл желтоқсан айында жүйе толық көлемде іске қосылады деп жоспарлануда. Бүгінгі таңда 257,5 миллиард теңге көлемінде цифрлық теңге айналымға шығарылған.

Ұлттық банктің цифрлық трансформациялау жетекшісі Бинұр Жаленов цифрлық теңгенің оннан астам бағыт бойынша сынақтан өткенін айтты. Соның ішінде цифрлық ҚҚС тетігі салықты қайтару мерзімін 75 күннен 5 жұмыс күніне дейін қысқартуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, жол жөндеу, газ құбырларын тарту және теміржол құрылысы сияқты ірі жобаларда бюджет қаржысының мақсатты жұмсалуын бақылауға арналған «ақшаны бояу» әдісі сынақтан сәтті өтіпті.

Бұдан бөлек, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында берілетін несиелерге цифрлық бақылау орнатылып, уақытша бұғаттау тетігі қолданыла бастаған. Жылжымайтын мүлік, автокөлік, мектептегі тамақтану, қымбат заттар сату, агроөнеркәсіптегі мемлекеттік қолдау бағыттарында цифрлық теңгені қолдану мүмкіндіктері кеңейіп келеді.

Премьер-Министр жиында цифрлық теңгенің басты артықшылықтарын атап өтті. Оның айтуынша, бұл құрал бюджет қаражатының толық ашықтығы мен жүйелі бақылауын қамтамасыз етеді. Бұл орайда ақпараттық жүйелерді «Цифрлық теңге» платформасымен уақтылы интеграциялау және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет. «Боялған ақша» тетігін сапалы әрі толық енгізу үшін заңнамалық негіздер әзірленіп жатыр. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңға тиісті түзетулер дайындалуда.

Жиын қорытындысында Үкімет басшысы мемлекеттік органдарға Ұлттық банкпен бірлесіп, цифрлық теңгені экономиканың түрлі секторларына кең көлемде енгізуге арналған Жол картасын дайындауды тапсырды. Сонымен қатар, Ұлттық қор мен бюджет есебінен қаржыландырылатын кемінде 100 ірі жобаны цифрлық теңге форматына көшіру міндеті қойылды.

Н. ҒАЛЫМ.
Астана қаласы.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

37 АУЫЛҒА СУ ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛАДЫ

Қостанай облысы тұрғындарының 90 пайыздан астамы таза ауызсу тұтынып отыр.

Қазір Сарыкөл ауданындағы Барвинов ауылына су құбыры тартылып жатыр. Бұл ауылда құбыр ауыстыру жұмыстары былтыр басталған. Бүгінге дейін 28 шақырымға жуық су желісінің жартысынан көбі жаңартылды.

«Былтыр екі резервуар салынды. Биыл су сорғыш стансасын орнатып, әр 150 метр сайын өрт сөндіру гидранттары қойылады. Осының бәрін қар түскенше бітірсек деп отырмыз», дейді мердігер компанияның өкілі Валерий Халиков.

Аталған ауданда халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бойынша үш жыл мерзімге екі жоба жасалған. Бүгінде Барвиновтан бөлек, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Комсомол ауылына орталықтандырылған су желісі тартылып жатыр. Екі елді мекенде шамамен 3 мыңға жуық халық тұрады.

«Бізде 23 ауыл бар. Халықты орталықтандырылған сумен қамтасыз ету 96,6 пайызды құрайды. Бұл жерде шағын бес ауылымыз бар. Сол бес ауылда су тарату жүйесі орнатылған», дейді Сарыкөл ауданының әкімі Марат Шымырбеков.

Облыс әкімдігінің мәліметінше, бүгінгі таңда Қостанай өңіріндегі ауыл тұрғындарының 91 пайызы сапалы ауызсу тұтынып отыр. Барлығын толық қамту үшін арнайы мемлекеттік қордан қосымша 9 миллиард теңгеден астам қаржы сұратылып, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне өтінім хат жіберілген.

Н. ҚҰЛАБАЕВ.
Қостанай облысы.

СҰҚБАТ

Профессор Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ:

ТІЛ ҒЫЛЫМЫН ТЕРЕҢ ЗЕРТТЕУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ – ҚИССА МЕН ЖАЗБА АЙТЫС

Дінімізде ең әуелі сөз пайда болған дейді. Халық ішінде де сөздің қасиеті туралы көп айтылады. «Сөз бұзылса, адам бұзылады» деген халық даналары ертеден-ақ ел іші бұзылмас үшін, тыныштыққа іріткі түспеу үшін сөздің бұзылмауына басымдық берген. Дана Абай да «Сөз өнері дертпен тең» деп бекер айтпаса керек-ті. Жараланған жанды емдейтін де сөз, ойламаған тұстан омақаса құлататын да бір ауыз сөз. Жаратылыстың бастауы болған сөз ғылымның да басында тұрса керек, кешегілерден қалған мағынасы терең, қасиетті сөздерді зерттеп, бүгінгі сөз өнеріне бейім жастарды көркем сөзге баулып жүрген ғалымдардың бірі – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессоры Меңдібай Әбілұлы. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі Меңдібай Әбілұлымен сұқбаттасып, сөздің ғылыми даму бағыты турасында әңгімелестік.

– «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессор-оқытушылары шәкірт тәрбиесінде, ғылымда қандай жетістіктерге жетіп жүр? Студенттер арасында ғылыми ізденіс жұмыстарында дараланып келе жатқан жастар туралы айта кетсеңіз. Шәкірттеріңіздің ішінде мақтанышпен кімдерді атап айтар едіңіз?

– Ғылым саласында жақсы жаңалықтарымыз жоқ емес. «Педагогика» факультеті – университетіміздегі іргелі факультеттердің бірі. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының жас ғалымдары үнемі ізденіс үстінде болатынын баса айтқым келеді. Шәкірттеріміздің бірі 3-курс студенті Арай Сырлыбаеваның «Семсердің жүзі – бабалар ізі» атты мақаласы профессор-оқытушылардың ғылыми-зерттеу мақалалар жинағына енгізілді. Ал, Аяжан Махамбет, Рабиға Чкал, Нұрай Дүйсенбаева жазбаша айтыс жүргізіп, өздерінің талантты жастар екенін дәлелдеді. Университетіміздің қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарының студенттері көп жылдан бері қазақтың жазбаша айтыс өнерін қайта жаңғыртып, ұлттық құндылықтарымыздың бірі – жазбаша айтысты жандандыруда бар өнерін салып келеді. Олар жастарға үлгі-өнеге боларлықтай келелі істерді жүзеге асырды. Студенттердің жазбаша айтысын құрастырып, жинақ қылып баспадан шығардық. Кітапты Астанадағы, Алматыдағы, Шымкенттегі жоғары оқу орындарына тараттық. «Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлер мен мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу» атты оқу құралым баспадан басылып шықты. Қисса жанры мен жазбаша айтыстың пайда болуы мен қалыптасуы, балалардың әдебиетке деген құштарлығын арттырудағы әсері туралы бірнеше ғылыми мақалаларым республикалық «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына және өз өңіріміздегі баспасөз беттерінде жарияланып жүр. Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырамыз. Ізденуші-педагог Бақытгүл Қалматаеваның «Жазба айтысын бастайық...» атты кітабы біздің университет жанындағы әдеби бірлестіктің қолдауымен жарық көрді.

Биыл айтыс туралы республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенттері арасында жазбаша айтыс жүргізілді. Осы конференцияда «Жазбаша айтыстың пайда болуы мен қалыптасуы» атты баяндама жасадым. Өткен жылы университетімізде «Семсердің жүзі» атты романым бойынша «Семсердің жүзі» – бабалар ізі» атты республикалық семинар өткізілді. Сондай-ақ «Балалар әдебиеті тарихының қалыптасуы және жаңа Қазақстан дәуіріндегі филология ғылымының өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда Ташкент қаласындағы Өзбекстан журналистика және бұқаралық коммуникациялар университетінің докторанты, филология ғылымдарының кандидаты Перхан Аллам-бергенова «Телевидение және балалар әдебиеті», Нөкіс қаласындағы Бердақ атындағы Қарақалпақ мелекеттік университетінің ассистенті Нұрдана Бақытжанқызы «Меңдібай Әбілұлының Тұмар патшайым қиссасы», Алматы облысы, Қарасай ауданы Б.Момышұлы атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ақын Мақсат Әлсейітов «Тереңнен бастау алатын балалар әдебиеті», Ташкент қаласы Өзбекстан журналистика және бұқаралық коммуникациялар университетінің ізденушісі Наффол Болтаев «Жахон болалар адабиети ва уни узбек радиосидаги тарғиботи», Ұлыбританияның Лиск қаласындағы Лиск университетінің мұғалім-тренері Мистер Моо «Ұлыбританиядағы балалар әдебиетінің қысқаша тарихы», Ұлыбританияның Манчестр қаласындағы Род-Айленд университетінің мұғалім-тренері Миссис Альфредер «Меңдібай Әбілұлы және ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті», М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірілік университеті «Ұстаз» институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының» 1-курс студенті Нұрсұлу Асқарқызы «Меңдібай Әбілұлы – сықақшы жазушы», Меркі ауданындағы Т.Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектептің 9-сынып оқушысы Айғаным Мұратбаева «Балалар әдебиетінің негізін қалаушылар» атты баяндамалар жасады.

Университет жанында Жүсіп Баласағұн атындағы әдеби бірлестік жұмыс істейді. Әдеби бірлестікке облысымыздың, Тараз қаласының мектеп мұғалімдері, оқушылары, студенттер мүше. Олардың тырнақалды поэзиялық және прозалық туындылары бірлестіктің демеушілігімен жарыққа шығып, оқырмандарға жол тартып отырады. Бірлестік Қазақстан Жазушылар одағымен және одақтың облысымыздағы бөлімшесімен тығыз байланыста. Бірлестік университеттің тәрбие бөлімі һәм жастар ісі жөніндегі комитетпен бірігіп, осы кезге дейін біршама игілікті істерді атқарды. Атап айтар болсақ, білімгерлер мен мектеп оқушыларының «Албырт жырлар, асқақ сезімдер» (2003 жыл), «Мөлдір сезім армандарға бастайды» (2004 жыл), «Балауса жырлар, алтын мақсаттар» (2005 жыл), «Өлең-жыр менің шаттығым» (2009 жыл), «Таулар мен төбешіктер» (2009 жыл) жинақтары жарыққа шығып, облысымызға, республикамызға, шет елдерге тарады. Сонымен бірге бірлестік 4 білімгердің, 5 мектеп оқушысының, 2 мектеп мұғалімінің, 1 зейнеткердің, 1 банк қызметкерінің өлеңдер жинағын Алматыдағы «Полиграфия сервис және К» атты баспадан кітап етіп шығаруға мұрындық болды.

– Филология ғылымдарының кандидаты ретінде еліміздің нарықтық жағдайдағы рухани күйіне қандай баға берер едіңіз?

– Қазіргі нарық заманы ғалымдарымызға үлкен сынақ болып отырғаны рас. Кеңестік дәуір идеологиясының әсерінен жоғала жаздап қалған салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, еліміздің тарихын, әдебиетін, жазба жәдігерлерімізді тереңнен қазбалап, өскелең ұрпақтарымызға аманат етіп тапсыруымыз қажет. Ұлттық идеологияның тамыры тереңге жайылуы керек, сонда ғана салт-дәстүрлеріміз сақталып қалады. Бүкіл әлем жұртшылығы таңданған салт-дәстүрлерімізді сақтап қалудың ең бір тиімді жолы – елімізде қазақ халқының санын көбейту. Халқымыздың саны көбейсе, ұлттық салт-дәстүрлеріміз одан әрі дами түсетіні сөзсіз.

Мемлекеттік тіліміздің қолданылу аясы да кеңейе түседі. Орыс тілді қазақтар азаяды, әдебиетімізде, өнерімізде зор сілкініс пайда болады. Мерзімді басылымдардың, кітаптардың таралымы көбейеді.

Жақында облыс орталығында жыршы-жыраулар орталығының құрылуы қазіргі жағдайда рухани байлығымызды арттырудағы маңызды қадам болғаны анық. Мектеп оқулықтарына қисса деп аталатын әдеби жанр мен балаларға арналған жазбаша айтыс енгізілуі керек. Қиссада қара сөз бен өлең-жыр араласып келіп отырса, жазбаша айтыста айтысушы екі оқушы немесе екі студент қолына қағаз, қалам алып, апталап, айлап, жыл бойы жазып айтысады. Мұның өзі әдебиетке қызығатын жастардың танымын, өлеңге деген құштарлығын артырады. Бұған мектеп оқушылары мен студенттердің жазбаша айтысын ұйымдастырғанда көзіміз жетті.

– Өзіңіз қандай ғылыми зерттеулер жүргізіп, қандай жетістіктерге қол жеткіздіңіз?

– Ғылыми еңбектерім жайлы айтсам, «Қазақ әдебиетіндегі діни-исламдық поэзия» (2003), «Жыраулар мен ақындар поэзиясындағы діни ағартушылық сарын (XIII-XVIII ғасырлар)» (2012) атты монографиялар жаздым. 2011 жылы еліміздің Білім және Ғылым министрлігі, Алматы облысының әкімшілігі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Түрік-СОЙ Түркі мәдениетінің Халықаралық ұйымы, Қазақстан Республикасының кітап мұражайы Ж.Жабаевтың туғанына 165 жыл толу мерекесіне орай «Жамбыл және түркі халықтарының эпикалық мұрасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіп, сонда «Жамбыл – әлем түркілері поэзиясының алыбы» атты баяндама жасадым. Филология ғылымдарының магистрі Г. Әбіловамен бірге «Исламдық түркі дәуіріндегі балалар әдебиеті», «Алтын Орда (Қыпшақ) дәуіріндегі балалар әдебиеті (XIII-XIV ғасырлар)», «Қазақ хандығы дәуіріндегі балалар әдебиеті (XV-XVIII ғасырлар)» деп аталатын хрестоматиялық оқу құралын құрастырдық.

Жалпы, ғалымдар тарапынан ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті, балалар ауыз әдебиеті туралы бұрын ғылыми еңбектер жазыла қойған жоқ еді. 2014 жылы «Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті» атты оқу құралым жарыққа шыққан соң ғалымдар тарапынан, талантты студенттер тарапынан жылы лебіздер білдіріле бастады. Айтулы жетістіктердің бірі ретінде «Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті» атты оқу құралымның облысымыздың бірқатар мектептерінде «Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті» деген атпен 4-5 сынып оқушыларына таңдау пәні ретінде жүргізілетінін айтқым келеді. Оқу құралы туралы республикалық балалар журналы «Балдырғанда», мектеп оқушыларының «Ұлан» газетінде мақалалар, оқу құралынан үзінділер жарияланды. Мұның өзі қазақ балалар әдебиетінің тарихындағы айтарлықтай құбылыс болғаны анық. Дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі Екінші ұстазы атанған қазақтың тұңғыш ғалымы, отырарлық Әбу Насыр әл-Фарабидің, баласағұндық Жүсіптің, жүйнектік Ахметтің, Қожа Ахмет Яссауидың, бақырғандық Сүлейменнің ақыл-өсиетке құрылған поэзиялық туындылары балалардың сүйсініп оқитын шығармаларына айналды.

– Қазіргі уақытта елімізде ғылымға деген көзқарас қандай? Билік тарапынан қолдау бар ма? Ғылымда қандай проблемаларды өзекті дер едіңіз?

– Өзімнің салам бойынша көзқарасымды білдірейін. Қазақ әдебиеттану ғылымының олқы тұстары баршылық. Тараздық ғалым, әдебиеттанушы Ахмет Құдайдаттың «Көркем сөз өнері» атты еңбегін мектеп, колледж, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтарға енгізу, оның әдебиеттану ғылымына енгізген жаңалықтарын үйренуге арналған дөңгелек үстелдер, семинарлар, ғылыми конференциялар өткізу қажет. Ежелгі Тараз қаласының тарихын зерделеуге, жазба жәдігерлердің маңызына терең үңіле отырып, еліміздің тарихы мен әдебиетіне қатыстысына назар аударылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Өкінішке қарай, тіл шұбарлығына қарсы іс-шаралар өткізілмей келеді. Тараз қаласында «Адамат», «Ақшамат», «Айгелек», «АлРай», «Бай-бей» және тағы басқа толып жатқан мағынасы түсініксіз сөздердің пайда болуы, жеткіншектердің қоғамдық орындарда бейәдеп сөздерді қолдануы мемлекеттік тілдің қолданылу аясына кедергі келтіретіні даусыз. «Бару керекпіз», «қайту керекпіз», «баратырық», «келатырық», «жатырық», «отырық» секілді тағы да басқа сөздер көбейіп барады. Осындай келеңсіздіктердің алдын алып, оны болдырмау шараларын қолға алса, ұлттығымызды сақтауға да үлкен негіз болмақ. Ғылымға деген көзқарас жаңаша бағытпен жанданып келе жатқанын да жоққа шығармаймыз, әрине. «Қарахан», «Тектұрмас» журналдарының ашылуы, есімдері мен ғылыми еңбектері зерделеніп жатқан тараздық Ибатұлла, Ахмет Құдайдат сынды тарихи тұлғалардың ғылыми айналысқа ене бастауы ғылымдағы жаңа өріс сияқты болып отыр.

– Әлгінде әдеби бірлестік туралы айтып қалдыңыз, оның берері қандай, бүгінге дейін әдеби бірлестік ғылымға не қоса алды?

– Әуелі айтарым – әдеби бірлестік әдебиетті насихаттайды. Ал, әдебиет тіл ғылымын терең зерттеуге көмекші құрал бола отырып, көркем тілді байытады. «Әдебиет – ардың ісі» деп бекер айтылмаған. Жастардың поэзияға деген құштарлығын ояту, көркем сөз құдіретін сезіндіру біздің міндетіміз болғандықтан бұл игілікті іске құлшына кіріскеніміз рас. Білімгерлердің тырнақалды туындыларын жинау, талқылау, редакторлау, газеттер мен журналдарға жариялауға көмектесу, жинаққа дайындау, ай сайын жиналыс өткізу, мектептер мен колледждерде әдеби үйірмелер мен әдеби бірлестіктер құруға ұйытқы болу, әдеби кештер мен поэзия кештерін ұйымдастыру, кездесулер өткізу аз жұмыс емес. Біздің ұтқанымыз – жастарға әдебиеттің не екенін ұқтырдық. Мына өмірдің әдебиеттен, поэзия мен көркем сөзден тұратынын түсіндірдік. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең...» деп Абай атамыз айтқандай, өлеңнің (поэзияның) адамзаттың өмір сүру кілті екенін жастар санасына құя отырып, оның әсер ету құдіретіне тереңдей ендік. «Шығыста жеті ақын бар, сол жеті ақынның ең осалы менен мықты» деген неміс ақыны Иоганн Гетенің поэзияға ден қоюын, әйгілі Фирдоусидің «Шахнама» кітабының бүкіл әлем кітаптарының патшасы атанғанын, Фараби бабамыздың поэзияға деген ықыласын, Ахмет Ясауи бабамыздың Қасиетті Құран сүрелері мен аяттарын поэзияға айналдырған асқан дарын иесі екенін, атақты түркіден шыққан Рабғузи бабамыздың «Рабғузи қиссаларын», Абай мен Махамбеттің, Төлеген Айбергенов пен Жұмекен Нәжімеденовтың, Мұқағали мен Мұхтар Шаханұлының қазақ поэзиясына қосқан үлесін жастарға ұғындыра білдік.

Қазақ әдебиетін жан-жақты насихаттау һәм университеттің беделін көтеру мақсатында, сонымен бірге әдеби шығармашылықпен айналысатын жастардың шығармашылығын дамыту үшін 2002 жылы университет жанынан Жүсіп Баласағұн атындағы әдеби шығармашылық бірлестік құрылған болатын. Жоғарыда да айтып өттім, бірлестік университеттің тәрбие бөлімі һәм жастар ісі жөніндегі комитетпен бірігіп, көптеген істерге ұйытқы болды. Бірлестік мүшелері республикамыздың саяси өмірінен де шет қалған жоқ. 2003 жылы Қарағанды қаласының тұрғыны Владимир Нүсіпхановтың қазақ тілін менсінбей, қазақ тілінің ғұмыры ұзақ еместігін, жақында өлі тілге айналатынын айтып, «Известия» газетіне жазған «Дайте этому языку спокойно умереть» атты мақаласына қарсы республикамыздың барлық білімгерлері мен жастарына арнап Үндеу жазды. Үндеу республикалық «Жас Алаш» газетінде жарияланды. Қазақ тілі туралы теріс пікір таратқан Ресейдің қоғам қайраткері В.Жириновскийге Ашық хат жазылды. Есірткіге қарсы күрес жұмыстарына да үн қосып отырды. Республикамыздың барлық білімгерлеріне Үндеу жарияланды.

2002 жылдан бері ұмытылып бара жатқан жазбаша айтысты, қисса жанрын қайта түлету бойынша біршама жұмыстар жүргізілді. Жазбаша айтыс облыстық «Jambyl» телеарнасы арқылы насихатталып, облыстық, қалалық, аудандық газеттерге жарияланды. Бірлестік мүшелері жазбаша айтысты Тараз қаласындағы №10, №47, №33 мектептерде, «Тараз-Ғасыр», «Болашақ» колледждерінде ұйымдастырды. Жазбаша айтыстың өз алдына әдеби жанр екенін дәлелдеп, бірнеше мақала жазылды. Білім және Ғылым министріне жазбаша айтысты мектеп оқулығына кіргізу жөнінде ұсыныстар жазылды, республикалық, облыстық басылымдарда және өз университетіміздің «Ясауи таңы», «Ясауи тағылымы» газеттеріне ғылыми мақалалар жазылды. Білімгерлерге арналған «Жазбаша айтысты ұйымдастыру арқылы білімгерлерді шығармашылыққа баулу» (2003 жыл), «Жазбаша айтысты ұйымдастыру арқылы білімгерлер мен мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу» (2005 жыл) атты оқу құралдары жазылып, Алматыдағы «Полиграфия сервис және К» атты баспадан кітап болып шықты. Қисса жанрын қайта түлету мақсатында «Бауыржан батыр туралы қисса», «Сәмен батыр туралы қисса», «Қайбұлла Ерниязұлы туралы қисса», «Есен Бисұлтанұлы туралы қисса», «Анахарсис-Анарыс туралы қисса», «Байзақ датқа туралы қисса», «Батырбек датқа туралы қисса», «Әулие Мағзаман туралы қисса» және тағы басқа қиссалар жазылып, көбі баспадан кітап болып жарыққа шықты.

Талапкерлерді университетке көптеп тарту мақсатында «Тараз-Ғасыр» колледжінде М.Мақатаев атындағы әдеби бірлестік, «Болашақ» колледжі жанында М.Әуезов атындағы әдеби бірлестік, №47 мектепте «Жас қалам» әдеби үйірмесі құрылды. Бұл бірлестіктер мен үйірмелерге қатысқан білімгерлер біздің университетімізге оқуға келгенін атап айтуға тиіспіз. Қазір бірлестік республикаға, Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан қазақтарына танылып үлгерді. Мұндай ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып, жастардың рухани байлығын молайтуда тыңғылықты жұмыстар жүргізген әдеби бірлестік республикамыздың жоғары оқу орындарында да жоқ. Жақында бірлестік мүшелері Жамбыл ауданындағы «Шайқорық» орта мектебінде «Жастығым – поэзия» тақырыбымен әдеби кеш өткізіп қайтты. Әдеби кеште «Шайқорық» орта мектебінің 4 оқушысын бірлестікке мүшелікке салтанатты жағдайда қабылдадық. Мектептің мұғалімдері де қызығушылық танытты. Бірлестіктің іс-шараларына Тараз қаласындағы, Байзақ, Жамбыл, Жуалы аудандарындағы бірнеше мектептің мұғалімдері мен оқушылары белсене қатысуда.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұқбаттасқан
Қ. ҚАРАСАЕВА.
Жамбыл облысы.

СЕМИНАР

ДІН МЕН ДӘСТҮР – БІР ТАМЫРДАН НӘР АЛҒАН ҚОС ҚАЗЫНА

Жамбыл облысының Байзақ ауданында ауыл имамдары мен дін қызметкерлеріне арналған семинар ұйымдастырылды. Аудандық мешіттің бас имамы Қанат Әділханұлы «Дін мен дәстүр – қазынамыз» тақырыбында дәріс оқып, ұлттық бірегейлікті сақтауда дәстүр құндылықтарының орнына терең талдау жасады.

«Ұлттық болмыс пен діни құндылық – бір-бірінен ажырағысыз ұғым. Дін мен дәстүрді қатар алып жүру – қоғам тұрақтылығының, рухани дамудың басты кепілі. Қазақ халқының салт-санасы мен Ислам діні арасындағы үндестік – ата-бабаларымыздың даналығы мен парасатын көрсетеді», – деді бас имам өз сөзінде.

Семинар барысында имам Құран Кәрім мен Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетінен мысал келтіре отырып, дәстүр мен діннің үйлесімді байланысын түсіндірді.

«Алла Тағала Құранда: «Сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың үшін ұлыстар мен руларға бөлдік» дейді. Яғни, әр ұлттың өзіндік салт-дәстүрі мен болмысын құрметтеу – Жаратушының хикметі. Ислам шариғаты да егер салт-дәстүрлер діни қағидаларға қайшы келмесе, оларды қабылдап, өмірге енгізуді құптайды», – деді Қанат Әділханұлы.

Сондай-ақ имам өз сөзінде Ислам дінінің түркілерге келуі мен қазақ топырағына сіңуіне де тоқталды. VIII ғасырда Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағына келген Ислам дінін таратушылар жергілікті халықтың өмір салтына бейімделіп, дінді ұлттық болмыспен ұштастыру арқылы түркі-Ислам мәдениетін қалыптастырғанын атап өтті.

«Қазақ халқының ата-ананы құрметтеу, қыз ұзату, неке қию, қонақ күту, туғантуыспен байланыс орнату сынды әдет-ғұрыптары Ислам қағидаларымен табиғи түрде үндескен. Бұл – Исламның қазақ даласына жат болмауының басты себебі»,– деп қорытындылады Қанат Әділханұлы.

Сонымен қатар, семинарда қазіргі заманғы ақпараттық толқын мен жат ағымдардың ықпалы жайлы мәселелер қозғалып, халық арасында дәстүрлі Исламды насихаттаудың жолдары талқыланды.

Семинар соңында ауыл имамдары өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, өзара тәжірибе алмасты.

«ST» АҚПАРАТ.

МЕДИАЦИЯ

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ТАТУЛАСУ МӘДЕНИЕТІ

Қазақ халқына бітімгершілік сөзі жат емес. Ерте ғасырларда дау-дамай, жанжал, жесір, жетім дауы билердің алдында шешімін тауып, жүйеленген. Ұлы қазақ даласының билігінің белгілі дара тұлғалары– Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған даналардың ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен рөл атқарғаны баршамызға белгілі.

«Ел даусыз болмас» дейді халық мақалы. Бірақ, сол дау-жанжалды реттеу мәдениетіміз қандай? Бізде дауды тек сот шешеді деген көзқарас санамыздан кетпейді. Сәл дау туса, дереу сотқа жүгіреміз. Екі арадағы мәселені сот залына шығарып, шешкіміз келеді.

Сотқа жүгіненнен біріншіден уақытыңыз кетеді. Екіншіден шығындаласыз. Қаржыңыз кетеді, мемлекеттік баж төлейсіз, жол шығындарыңыз бар, адвокат жалдайсыз. Үшіншіден ағайын-туыс, дос арасындағы сыйластыққа нұқсан келеді. Неге десеңіз, сот – дау алаңы. Онда айтысуға, таласуға мәжбүр боласыз. Кейде тараптар ашуға беріліп, бір-біріне ауыр сөздер айтып жатады. Сол себептен кешегі туыстар бүгінгі жау, кешегі достар бүгінгі қасқа айналуы әбден мүмкін.

Ертеректе шешімі қиын даумен биге жүгініп барған кісілер ақ және қара қылдан ескен жіп ала барған. Егер дауласқан екі жақ та би шешіміне тоқтаса, билік айтушы «айттым – бітті, кестім – үзілді» деп, жіпті қақ ортасынан қиып, даудың шешілгенін білдіреді. Бұл – билік айтқан адамның «ақ» пен «қараны» ажыратып, қара қылды қақ жарған әділдігін білдіретін таңба болған.

Сотқа жүгінбестен бұрын ақылға салып, ойланған жөн. Сіз немесе сотқа жүгінемін деген танысыңыз эмоцияға берілген жоқ па? Көбісі кейіннен ашуды ақылға жеңдіріп, өзара келісімге келіп, шешуге болар еді ғой деп, өкініп жатады. Олай болмас үшін ең дұрысы – татуласу, келісу, бітімге, бір мәмілеге келу. Одан екі жақ та ұтады. Уақыт жоғалмайды. Ақша үнемделеді. Қатынас үзілмейді. Жүйке мен абырой-бедел сақталады.

«Жігіттің жақсысы - дұрыс сөзге тоқтай білгені, басқаны сөзіне тоқтата білгені» деп Әйтеке би айтқандай, екі жақ та қаласа, сот татуласу процесін бастау үшін істің қаралуын кез келген сатыда тоқтата алады.

Дана халқымыз «Дау мұраты – бітімгершілік» деп бекер айтпаған. Осы бағытта бүгінде билер кеңесі мен татуластыру орталықтары жұмыс істеп жатыр. Билер кеңесі – елге, ауыл-аймаққа сөзі өтімді ақсақалдар әртүрлі санаттағы даулар бойынша тараптарды бітімге шақыруда.

Дауласудан бұрын өзара бітімге келейік, Ағайын!

Б. ДАЛИБАЕВ,
Мойынқұм аудандық сотының төрағасы.
Жамбыл облысы.

МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

МЕЙІРІМ ТАНЫТ БАЛАҒА!

Жаңа оқу жылының басталуына бір айдан сәл астам ғана уақыт қалды. Сондықтан, бұдан былай әр ата-ана балаларын мектепке дайындау әрекетіне кірісе бастайды. Ата-аналардың көпшілігі дәстүрлі тамыз жәрмеңкесін күтсе, кейбір отбасылар мектепке дайындықты осы шілде айында-ақ бастап кеткен көрінеді.

Жалпы, мектепке дайындық, әсіресе, көпбалалы отбасыларға оңайға соқпайды. Бір баланы киіндіріп, кеңсе тауарларымен қамтуға кемінде 100 мың теңге көлемінде қаражат қажет болса, бірнеше баласы бар отбасы үшін бұл шығын еселеп артатыны сөзсіз. Кейбір ата-аналар «бала болған соң алысып-жұлысып, киім-кешегін тез тоздырады, сол себепті кей кездері оны тоқсан сайын жаңартуға мәжбүрміз» дейді.

Жыл сайын көпбалалы және аз қамтылған, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және әлеуметтік осал топтар санатына жататын отбасылардың балаларына арналған республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізіледі. Бұл игі бастама аясында демеушілер бірінші сыныпқа баратын балаларға оқу құралдарын, мектеп формасын, аяқ киімі мен өзге де қажетті тауарларды сатып әперіп, жан-жақты қолдау көрсетеді.

– «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының мақсаты – бірінші сыныпқа баратын балаларға материалдық көмек беру. Осыған орай, біз барлық білім ұйымдарына, меценаттарға хат жолдап, оқушыларды мектепке дайындауға қол ұшын беруді сұрадық. Акцияға қатысатын балалар тізімі әр ауданда 25 шілдеге дейін жасалады. Бүгінгі күні «Мектепке жол» акциясының жоспары бекітіліп, білім бөлімдеріне жолданды, – дейді облыстық білім басқармасының бас маманы Айгүл Шақшақова.

Айта кетейік, аталған акцияның игілігін көпбалалы отбасылардың көбі көре бермейді. Себебі, бұл көмекке қол жеткізу үшін жан басына шаққандағы орташа табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болуы тиіс. Бұл талап, өкінішке қарай, бірқатар отбасыны аталмыш көмектен тыс қалдырады.

– Мен көпбалалы анамын. Мектепке биыл үш балам барады. Жаз басталысымен ақырындап жаңа оқу жылына дайындала бастаймын. Себебі, олардың бәрін бірден киіндіріп, қажетті құрал-жабдықтарын әперу, яғни, мектепке дайындау біз сияқты үлкен отбасыларға оңай емес. Бәрі қаржы мәселесіне келіп саяды. Қазір нарықтық заман болған соң, баға да бір орында тұра бермейді. Қымбатшылық басым. Сондықтан, алдын ала дайындалуға тура келеді. Әр баламның өз қатарынан қалмай жүргенін қалаймын. Шама-шарқымша әрқайсысының өз талғамы бойынша оқу киімдерін алып беруге тырысамын. Былтырғы бағаны есіме алсам, бір баланы мектепке дайындауға орта есеппен 110-120 мың теңге жұмсалыпты. Биыл үш балама бері алғанның өзінде 350-400 мың теңгеге дейін қаржы жұмсауым мүмкін, – дейді Ажар есімді ана.

Биылғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы көпшіліктің, әсіресе, кәсіпорын-ұйым, мекеме басшылары мен бизнес өкілдерінің, басқа да қалтасы қалың жомарт жандардың қолдауымен өз деңгейінде өтіп, балалардың мектепке алаңсыз баруына мүмкіндік туады деп сенеміз.

Ы. ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ.
Ақмола облысы.

МӘДЕНИЕТ

АЛМАТЫДА МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІНІҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде 2025 жылы мерейтойы атап өтілетін белгілі суретшілердің шығармашылығына арналған көрме ашылды.

Экспозицияда осыған дейінгі әртүрлі буын өкілдерінің шығармашылығы мен әрқайсысының өзіндік ерек қолтаңбасы тоғысып жатыр. Олардың қатарында Хлудов Николай, Валентин Антощенко-Оленев, Валерий Каптерев, Татьяна Глебова, Хакімжан Наурызбаев, Молдахмет Кенбаев, Анатолий Горовых, Михаил Антонюк және Ескен Сергебаев бар. Өнерге деген махаббатының арқасында кейбірі үшін Қазақстан екінші Отанға айналды.

Аталған мәдени іс-шара мерейтой иелерінің шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттап, жас буынға шабыт беруді көздейді. Ерекшелігі сол, көрме музей қорында сақталған тарихи туындылар арқылы келушілерге бұрын беймәлім болған жаңа қырларын тануға мүмкіндік береді.

– Көрмеге қойылған туындылар негізінен биыл мерейтойы атап өтілетін суретшілердің еңбектерінен іріктелді. Бұл көрме арқылы музейге келушілер эстетикалық және тарихи құндылықты түйсінуі қажет деп ойлаймыз. Мәдени іс-шара көрерменді рухани байытып қана қоймай, отандық бейнелеу өнерінің қайнар көзімен таныстыруға бағытталған. Көрмеге қойылған туындылар тұрақты экспозицияда жоқ, яғни барлығы музейдің қорынан алынған, – дейді «Қазақстан бейнелеу өнері» бөлімінің аға ғылыми қызметкері, көрме жетекшісі Лаура Әбділдаева.

Экспозицияға туындылары қойылған әрбір суретшінің өнердегі тағдыры ел өмірімен астасып жатыр. Олардың әрқайсысы өз еңбегін қазақтың ұлан-ғайыр даласына, көздің жауын алар әсем табиғатына, тарихпен үндескен бай мәдениетіне арнады.

Биыл 175 жылдығы атап өтілетін Николай Хлудовтың шығармашылығы XIX ғасырдағы реалистік кескіндеме мектебінің Қазақстанда кеңінен таралуына ықпал етті. Қазақ жеріне XIX ғасырдың соңында келген ол Орта Азия мен Қазақстанды аралады. Сапар кезінде көзбен көрген ғажайыптарын, жергілікті

тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі мен табиғат көріністерін қағазға түсірді. Кейіннен осының барлығы кескіндемелік туындыларға арқау болды. Николай Хлудов 1921 жылы Верный қаласында (қазіргі Алматыда) алғашқы көркемсурет студиясын ашты.

Қазақстандағы бейнелеу өнері тарихында Молдахмет Кенбаевтың шығармашылығы айрықша орынға ие. Оның картиналары терең мазмұнымен, ұлттық нақышымен және дара шығармашылық қолтаңбасымен ерекшеленеді. Молдахмет Кенбаев – республиканың шегінен тыс академиялық көркем білім алған алғашқы қазақ суретшілерінің бірі, Қазақ КСР-нің халық суретшісі. Биыл суретшінің 100 жылдығы атап өтіледі.

Ал, Хакімжан Наурызбаев – ұлттық мүсін өнерінің негізін қалаған дарын иесі. Ол – мәдениет пен өнер қайраткерлерінің портреттер галереясын жасап, еңбек майталмандарының бейнесін шебер жеткізе білген тұлға. Графика жанрында өзіндік орны бар тағы бір танымал есім – Валентин Антощенко-Оленев. Көрнекті график-суретшінің шығармашылығы бейнелеу өнерінде жанрлық саналуандығымен, эмоционалдық тереңдігімен маңызды.

Көркемөнерсүйер қауымға арналған көрме 18 тамызға дейін жалғасады.

А. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.
Алматы қаласы.

БІЛІМ

«БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕБІ»– БҮЛДІРШІНДЕРДІҢ АЛҒАШҚЫ БІЛІМ БАСПАЛДАҒЫ

Жазғы демалыс кезінде балабақша мен мектеп арасындағы білім алшақтығын азайту мақсатында елімізде «Балақайлар мектебі» атты қысқа мерзімді бағдарлама жүзеге асырылуда. Бұл бастама бірінші сыныпқа баратын балалардың ортақ білім деңгейін қалыптастыруға бағытталған.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, жоба мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік стандартқа сай әзірленген. Оның мақсаты – мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты күшейтіп, болашақ оқушылардың жаңа ортаға бейімделуін жеңілдету.

Бағдарлама шеңберінде оқыту бір айға жоспарланған. Сабақтар күн сайын 30 минуттан өтеді, әрқайсысының арасында 10 минуттық үзіліс қарастырылған. Балалармен тәжірибелі бастауыш сынып мұғалімдері мен мектепалды даярлық педагогтері жұмыс істейді.

«Сабақтар балалардың физикалық белсенділігін, қарым-қатынас жасау қабілетін, ойлау, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, мектепке деген оң көзқарас қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді», – дейді Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манар Адамова.

Бағдарлама аясында маусым-шілде айларында 25 мыңнан астам бала оқуға қамтылса, тамызда ашылатын 5,3 мың топ арқылы тағы 65 мыңнан аса бала қамтылмақ. Осылайша, жаз бойы елімізде 90 мыңға жуық бала жаңа оқу жылына жан-жақты дайындалады.

«ST» АҚПАРАТ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ «АЛМАТЫОБЛСУШАР» ШЖҚ МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабының 13-тармағына сәйкес, каналдар арқылы су беру қызметіне тариф пен тарифтік смета бекітуге «Алматыоблсушар» ШЖҚ МКК-ның оңайлатылған тәртіппен ұсынылған өтінімін қарауға байланысты жария тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды.

Жария тыңдаулар **2025 жылы 1 тамызда, сағат 15:00-де,** Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Әл-Фараби көшесі, 100 үй мекенжайы бойынша, сондай-ақ, «Zoom» бейнебайланыс платформасы және «Facebook» (https://www.facebook.com/share/16nrPYWthB/?mibextid=wwXIfr) әлеуметтік желісі арқылы онлайн форматта өтеді.

Жария тыңдауларға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырылады.

Министрліктің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-10-98, 8 777 300 98 22, «Алматыоблсушар» ШЖҚ МКК-ның байланыс телефоны : 8 702 218 00 45.

ПО ЗАЯВКЕ ГКП НА ПХВ «АЛМАТЫОБЛСУШАР» АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОЙДУТ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ

Министерство водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан сообщает, что в соответствии с пунктом 13 статьи 15 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях» проводятся публичные слушания по утверждению тарифа и тарифной сметы на услуги по подаче воды по каналам в связи с рассмотрением заявки ГКП на ПХВ «Алматыоблсушар», представленной в упрощенном порядке.

Публичные слушания состоятся **1 августа 2025 года в 15:00 часов** по адресу: Алматинская область, Уйгурский район, село Шонжы, улица Аль-Фараби, дом 100, а также по платформе видеосвязи «Zoom» и «Facebook» (https://www.facebook.com/share/16nrPYWthB/?mibextid=wwXIfr) в онлайн формате через социальную сеть.

К участию в публичных слушаниях приглашаются депутаты маслихата, органы местного самоуправления, государственные органы, представители потребителей и их общественных объединений, независимые эксперты, средства массовой информации, субъекты естественных монополий.

Контактные телефоны Министерства: 8 (7172) 74-10-98, 8 777 300 98 22, контактный телефон ГКП на ПХВ «Алматыоблсушар»: 8 702 218 00 45.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті **2025 жылғы 1 тамыз сағат: 11-00-де** «Шомен» өндірістік кооперативінің бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметіне арналған тариф жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекенжайда өткізіледі: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 148, 2 қабат.

Анықтама үшін телефондары: Департамент – 8 (7252) 32-15-07.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркелді, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 466